



ШЕШІМ

РЕШЕНИЕ

29.09.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 83/12-VII

город Нур-Султан

**Жергілікті атқарушы органның  
этносаралық және конфессияаралық  
келісім саласында Нұр-Сұлтан қаласының  
қоғамдық-саяси тұрақтылығын нығайтуға және  
азаматтық қоғам институттарын дамытуға бағытталған  
ішкі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі  
жұмысы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары А.Р. Ораловтың «Жергілікті атқарушы органның этносаралық және конфессияаралық келісім саласында Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық-саяси тұрақтылығын нығайтуға және азаматтық қоғам институттарын дамытуға бағытталған ішкі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі жұмысы туралы» баяндамасын тыңдал және талқылап, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының сессиясы жергілікті атқарушы органның этносаралық және конфессияаралық келісім саласындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту, азаматтық қоғам институттарын қолдау және дамыту, ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша бірқатар жұмыстар жүргізіп жатқанын атап етті.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдардың, үйымдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету, ішкі саяси тұрақтылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау, Қазақстан халқының бірлігін сақтау, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Қоғамдық келісімді нығайту үшін жергілікті атқарушы органдардың қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылдының жаңа форматтарын енгізу жүзеге асырылуда.

Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының (бұдан әрі – қала Ассамблеясы) және Ассамблея жаңындағы қоғамдық құрылымдардың қызметі этносаралық келісімді нығайтуға және әртүрлі жастағы және қызмет түріндегі белсенді жұртшылықты тартуды қамтамасыз ете отырып, мемлекеттің ұлт саясатын іске асыруға бағытталған.

Карантин жағдайында жұмыстың жаңа түрлерін енгізу мақсатында респубикалық және халықаралық жобалар: брифингтер, шығармашылық және

0002674

дискуссиялық кездесулер, конференциялар, тақырыптық роликтер түсірілімдері іске асырылатын ANK LIVE тікелей эфир студиясы ашылды.

Конфессияаралық келісімді нығайту және ақпараттық-түсіндіру кездесулерін өткізу бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілуде.

Нұр-Сұлтан қаласының аумағында 30 ғибадат үйі өз қызметін жүзеге асырады, оның ішінде: исламдық – 12, православтық – 4, католиктік – 3, протестанттық - 10, иудейлік – 1.

2020 жылғы әлеуметтік зерттеулердің қорытындысы бойынша елорда тұрғындарының 80,9%-ы сунниттік исламды ұстанады, 14,1%-ы - православтық христиандар, 2,4%-ы - басқа конфессиялар.

Елордада ғибадат үйлерінен тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған 14 үй-жай тіркелген.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «КАМЕДА» қоғамдық қоры іске асыратын «Нұр-Сұлтан қаласының азаматтық бастамалар орталығының қызметін қамтамасыз ету» (бұдан әрі - Орталық) жобасы іске қосылды.

Орталықта үкіметтік емес ұйымдар үшін (әрі қарай -YEY) және азаматтық белсенділер үшін әлеуметтік жобалар шеңберінде іс-шараларды өткізу үшін тегін негізде тренинг залы ұсынылады.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының сессиясы одан әрі зерделеуді қажет ететін және шешуді талап ететін бірқатар проблемаларды атап өтті.

Халықтың әл-ауқатының негізі этносаралық және конфессияаралық келісім болып табылады, осыған байланысты депутаттар бұл бағыттың жастар аудиториясына назар аудара отырып жүргізілуін қолдайды, бұл бағытта жергілікті атқарушы органның кешенді жұмысы талап етіледі.

Проблемалық мәселелерді шешу үшін мәслихат депутаттарының Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерімен кездесулері қажет. Әкімдіктің ведомствоның бағындыты ұйымдармен өзара әрекеттестік жоқ, білім беру ұйымдарымен байланыс жоқ.

Достық үйі қызметкерлерінің жалақысы бойынша сұрақтар туындауда, бүгінгі күні олардың жалақылары өте төмен.

Азаматтық бастамалар орталығын аралау барысында депутаттар жұмыс жүргізіліп жатқанына көз жеткізді, бірақ YEY арасында бытыраңқылық бар, олардың қызметін үйлестіру жоқ. Қоғамдық ұйымдардың өзара қарым-қатынасы жүзеге асырылатын бірыңғай алаң, коворкинг орталығы жоқ, және бұл тұрақты жұмыс істейтін алаң болуы керек.

Қабылдау өткірлігіне және өмірлік тәжірибелің болмауына байланысты деструктивті әсерге ең сезімтал - жастар. Осыған байланысты қазіргі заманғы әлеуметтік платформаларды пайдалану, жастар үшін тиімді және қызықты ақпарат орналастыру, жастарға әсер ету тәсілдерін менгерген маркетологтардың, мамандардың қызметін пайдалану арқылы жастарды

радикалды діни секталарға тартудың алдын алу жұмысы өте маңызды және өзекті болып табылады.

Діни бірлестіктермен жұмысты жүйелеу үшін «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - ҚР Заңы) өзгерістер енгізу қажет.

ҚР Заңының 4-бабы 2-тармағына сәйкес уәкілетті органның құзыретіне Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметін зерделеп, оған талдау жүргізу жатады. Бұл ретте осы функция облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және елорданың жергілікті органдары ұсынатын мәліметтер бойынша жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, өнірдегі діни ахуалдың қызметін зерделеу мен талдауды неғұрлым егжей-тегжейлі және объективті жүргізу мақсатында ҚР Заңының 4-бабы 2-тармағын мынадай сөздермен толықтыру ұсынылады: «өнірде құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметі».

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (ҚР ӘКБтК) 490-бабы 3-бөлігінде көзделген бұрын әкімшілік жауаптылықта тартылған тұлғалардың миссионерлік қызметі туралы мәселені реттеу ұсынылады.

ҚР Заңының 8-бабының 1-тармағы миссионерлік қызметпен айналысуга арналған орындарды көрсетпейді, яғни тіркеу рәсімінен өткеннен кейін миссионерлер кез келген жерде өздерінің діни нағымдарын кедергісіз насиҳаттай алады.

### **Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты ШЕШТІ:**

1. «Жергілікті атқарушы органның этносаралық және конфессияаралық келісім саласында Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық-саяси тұрақтылығын нығайтуға және азаматтық қоғам институттарын дамытуға бағытталған ішкі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі жұмысы туралы» баяндама назарға алынысын.

### **2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:**

тиісті атқарушы органдарға мәселені зерделеуді және шығыстардың болжамды сомасын көрсете отырып, Достық үйіне жапсарлас құрылыштың жобалау-сметалық құжаттамасын дайындауға қаражат белу қажеттілігінің негізdemесін ұсынуды, сондай-ақ жылдам тұрғызылатын аз шығынды модульдік залдар бойынша ұсыныстар енгізу бойынша тапсырма беру;

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-тармағына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық жасау»;

ҚР ӘКБтК 490-бабының 3-бөлігінде көзделген бұрын әкімшілік жауаптылықта тартылған тұлғалардың миссионерлік қызметі туралы мәселені ысықтау;

ҚР ӘКБТК 490-бабының 3-бөлігінде көзделген бұрын әкімшілік жауаптылықта тартылған тұлғалардың миссионерлік қызметі туралы мәселені ысықтау;

Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тұжырымдамасының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес түрлі этностар өкілдерінің тілдері мен мәдениеттерін сақтай және дамыта отырып, мемлекеттік тілдің топтастыруши фактор ретіндегі рөлін нығайтуға жәрдемдесу;

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты депутаттарының этносаралық және конфессияаралық келісім, азаматтық қоғам институттарын қолдау және дамыту мәселелері бойынша жүйелі кездесулерін қамтамасыз ету;

қала Ассамблеясы мен «Қоғамдық келісім» КММ қызметіне заманауи менеджмент әдістерін енгізуге ықпал ету жұмысын жалғастыру;

қалалық Ассамблеяның қоғамдық құрылымдарының қызметінде қолданылатын жаңа технологияларды ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету;

«Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлерінің жалақысын көтеруге қатысты ұсыныстар енгізу;

білім беру ұйымдары окушыларының толерантты санасын қалыптастыру мақсатында қала Ассамблеясы мен «Қоғамдық келісім» КММ білім басқармасымен өзара әрекеттестігін дамыту;

этномәдени бірлестіктердің бизнесмендерімен ынтымақтастықта мұқтаждарға қайырымдылық қызметті ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етуге, осы жұмысқа қаланың барлық тілек білдірген азаматтарын тартуға байланысты қажетті көмек көрсететін «Парасат» қайырымдылық қызметін үйлестіру орталығының жүйелі жұмысына ықпал ету;

жастарды деструктивті бірлестіктерге тартудың алдын алу бойынша жұмыс барысында жастар үшін әлеуметтік платформаларды пайдалануды жандандыру;

үкіметтік емес сектордың жұмысын барлық тіркелген астаналық ҮЕҰ үшін үйлестіру орталығына айналдыра отырып, оны шоғырландыруға арналған Азаматтық бастамалар орталығының жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін қайта қарау;

қоғамдық келісімді дамытуға және этносаралық және дінаралық қатынастарды нығайтуға бағытталған жобаларды іске асыруға жастарды белсенді тартуды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жүртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы  
мәслихатының хатшысы**

**Е. Каналимов**